

"Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № 1043/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы "Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты туралы Үлгі ережені бекіту туралы" № 294 бүйрүғына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.
2. Павлодар қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 07 ақпандағы "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 300/2 қаулысының күші жойылсын.
3. "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы қаулыдан туындастырылған қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Е. Б. Иманзаиповқа жүктелсін.
5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

A. Байханов

Павлодар қаласы әкімдігінің

2022 жылғы "16" маусым

№ 1043/2 қаулысына

қосымша

"Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" (бұдан әрі - әкім аппараты) "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" (бұдан әрі – әкім) қызметін қамтамасыз ететін және

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Әкім аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы әкім аппараты туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Әкім аппараты мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Әкім аппараты өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Әкім аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық –құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Әкім аппараты өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Әкім аппаратының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Әкім аппаратының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140016, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мойылды ауылы, Ұлы дала 5/2 көшесі,

Әкім аппаратының мемлекеттік тілдегі толық атауы "Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Государственное учреждение "Аппарат акима села Мойылды".

"Мойылды ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:
дүйсенбі – жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

9. Ауыл әкімінің аппаратын Павлодар қаласының әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

10. Әкім аппараты қызметін каржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Әкім аппаратына әкім аппаратының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер әкім аппаратына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

12. Міндеттері:

әкім қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу;

ведомстволық аумақта мемлекеттік саясатты іске асыру өніндегі әкім қызметін қамтамасыз ету;

басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен әкімнің өзара іс-әрекеті.

13. Өкілеттіктері:

1) құқығы:

1.1. әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

1.2. жергілікті қоғамдастықтың жиынында немесе жергілікті қоғамдастықтың жиналышында қабылданған шешімдерді қарайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

1.3. бюджет қаржатын үнемдеудің және (немесе) Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңнамасында көзделген түсімдердің есебінен еңбек шарты бойынша қызметкерлерді қабылдайды;

1.4. мемлекеттік мекемелердің өз иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жасайды және бекітеді;

1.5. тұрғын үй қорын түгендеп ді жүргізеді;

1.6. Павлодар қаласы әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша ауылдық округінің авариялық тұрғын үйлерін бұзуды ұйымдастырады;

1.7. мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бағдарламалық құжаттары аясында ауыл халқына шағын несие беруге жәрдем көрсетеді;

1.8. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2) міндеттері:

2.1. қолданыстағы заңнамаға сәйкес халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету ;

2.2. Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, облыс, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің және

әкімдігінің, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

2.3. Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары түрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көзделген міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) Әкім аппараты өз құзыреті шенберінде:

жергілікті қоғамдастық жиынын, ауыл, көше, көппәтерлі түрғын үй түрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын, жергілікті қоғамдастық жиналышын өткізуіді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының, жергілікті қоғамдастық жиынының және жиналышының шақырылу уақытын, орнын және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді;

жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында қабылданған және ауылдық округінің әкімі макұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді;

ауылдың бюджетін жоспарлауды және атқаруды қамтамасыз етеді;

әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, тиісті мәслихаттың бекітуі үшін жоғары түрған әкімдіктің қарауына енгізеді;

жергілікті қоғамдастықтың жиналышына және Павлодар қаласының мәслихатына ауылдық округ бюджетінің атқарулы туралы есепті ұсынады;

ауылдық округтің бюджетін іске асыру туралы шешім қабылдайды;

жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлейді және оны жергілікті қоғамдастық жиналышының бекітуіне ұсынады;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкіне жататын объектілерді салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

мүлкі ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мүлікті кейіннен баланстан шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп ұстau және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің мәселелері бойынша мемлекеттің мұдделерін білдіреді, ауылдық округтің меншік құқығын (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) қорғауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін сенімгерлік басқару келісім шарты бойынша міндеттемелерді сенімгерлік басқарушының орындауын бақылауды жүзеге асырады;

мүлкі ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады;

бюджетке тиесілі салым және басқа да міндетті төлемдерді жинақтауға жәрдемдеседі;

азаматтардың және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативті құқықтық актілерін орындауға жәрдемдеседі;

өз құзыреті шегінде жер қатанастарын реттеуді жүзеге асырады;

ауылдық округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының, сондай-ақ ауылдық округте автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз етеді;

шаруа қожалығын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдеседі;

өз құзыреті шегінде әскери міндеттілік және әскери қызмет, азаматтық қорғаныс, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариалдық әрекеттерді жасауды ұйымдастырады;

тариhi және мәдени мұраны сактау жұмыстарын ұйымдастырады;

табысы аз адамдарды анықтайды, жоғары тұрған органдарға енбекпен қамтууды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізеді, жалғызлікті қарттарға және енбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

мүгедектерге көмек көрсетуді ұйымдастырады;

қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырады;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен және мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мүгедектер арасында сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

спорт мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қолдайды және жәрдем көрсетеді;

тұрғылықты жерлері бойынша жеке тұлғалардың және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы көпшілік демалатын орындарында дене шынықтыру мен спортты дамыту үшін жағдай жасайды;

мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен бірлесіп, мәдени-бұқаралық және ағарту іс-шараларын ұйымдастырады;

халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіреді;

қылмыстық-атқару инспекцияларының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмысқа орналасуына қамтамасыз етеді және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмекті көрсетеді;

жұмыспен қамту органдары жок жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыссыздарды белгілеп отырады;

"Алтын алқа" алқасымен наградталған аналарға тұрғын үй бөлуге жәрдемдеседі;

жазалаудың осы түріне сотталған адамдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоғамдық жұмыстарды орындаудың ұйымдастырады;

қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыспен қамтылуына, оның ішінде:

қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары мен мекемелері өндіретін тауарларға, орындаудың жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге тапсырыстарды орналастыру;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағында сотталғандардың еңбегін пайдаланатын өндірістер ашу, оларды кеңейту және жаңғырту үшін кәсіпкерлік субъектілерін тарту арқылы жәрдемдеседі.

ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі; жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі;

қоғамдық көлік қозғалысын ұйымдастырады;

шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда ауруларды дәрігерлік көмек көрсететін таяу жердегі денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізіп салуды ұйымдастырады;

респубикалық маңызы бар қалада, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан мәдениет мекемелерін қоспағанда, мектепке дейін тәрбие беретін және оқытатын ұйымдардың, мәдениет мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды ұйымдастырады;

тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

білім алушыларды таяудағы мектепке дейін және кері қарай тегін тасымалдауды ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

статистикалық және шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асырады;

жергілікті бюджетті бекіту кезінде қала мәслихаты сессиясының жұмысына қатысады;

өз құзыреті шегінде елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастырады және су пайдалану мәселелерін реттейді;

елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстасу жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады;

кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізеді;

елді мекен жерлерінде жануарлардың жайылымы үшін орындарды анықтайды;

тиісті аумақта жануарлардың жүқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдайды;

тиісті аумақта жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша шектеу іс-шараларын немесе карантинді тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық пункттерді қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге қатысады;

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындастырын мемлекеттік пункттердің, сою аландарының (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарының), мал корымдарының (биотермиялық шұңқырлардың), пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарының (көмінділердің) жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүзеге асырады және оны ауданның (экімдікке) жергілікті атқарушы органына (облыстық маңыздағы қалалар) береді;

ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге қатысады;

"АгроЭнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі" конкурсын өткізеді;

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етеді және жергілікті өзін-өзі басқару органына (жергілікті қоғамдастық жиынына) оны іске асыру қорытындылары туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

жайылым пайдаланушылар арасында жайылымдарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы түсіндіру жұмысын жүзеге асырады;

жайылымдардың жалпы алаңына түсетең жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормаларының сақталуын жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп қамтамасыз етеді;

жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды өздерінің интернет-ресурстарына орналастырады;

жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыру қорытындылары туралы жыл сайынғы есептерді тиісті аумақтарда таратылатын бүқаралық ақпарат құралдарында жариялады;

облыстың жергілікті атқарушы органына тапталған және тозған жайылымдар туралы ақпарат береді;

жеке меншікке және жер пайдалануға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзделген жағдайларды қоспағанда жер телімдерін береді;

көпшілік сервитуттарды орнатады;

жер телімдерін алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою мәселелері жөнінде аудандық (қалалық) әкімдікке ұсыныстар енгізеді;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

Мемлекеттік корпорацияға жер теліміне құқық ауыртпалығын белгілеуге және тоқтатуға нұсқама жібереді;

жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жөніндегі тиісті уәкілетті органға заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жер участеклері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпаратты ұсынады;

аудандық өкілді және атқарушы органдарға осы елді мекендерді кенттер, ауылдар категорияларына жатқызу туралы, оларды тарату және қайта құру туралы ұсыныстар енгізеді;

тиісті елді мекен халқының пікірін ескере отырып, аудандық өкілді және атқарушы органдарға кенттерге, ауылдық округтерге, ауылдарға ат қою және олардың атын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде осы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді;

аудандық өкілді және атқарушы органдарға кенттердің, ауылдық округтердің, ауылдардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

пошта операторларына өздерінің аумақтарына өндірістік объектілерді орналастыруында жәрдем көрсетеді;

әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында пошта байланысының тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

кондоминиум объектілерін басқару органдарымен, тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың меншік иелерімен олардың абоненттік пошта жәшіктерін қамтамасыз етуі және оларды тиісінше пайдалану жөнінде жұмыс жүргізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте электронды форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына бағалау жүргізу үшін ақпарат саласында уәкілдегі органға ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көзделген функцияларды жүзеге асырады.

2) Әкім аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша:

өз құзыреті шегінде жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқару саласындағы құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

шешім қабылдайды және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде оның сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

мүлкі ауылдық округінің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осындағы қызметті жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғасына берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзі сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларының артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлкін алып қоюды жүзеге асырады;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз не кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді;

Павлодар қаласы әкімімен келісім бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларын құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешім қабылдайды;

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға өзіне бекітіп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік заңды тұлғаларының жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

мұлкі ауылдық округінің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемін айқындайды;

мұлкі ауылдық округінің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда қарайды, келіседі және бекітеді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітіп береді;

жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көзделген функцияларды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарастыруға және әкімшілік жаза салуға;

мүліктік және мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

мемлекеттік басқару органдарының, мұрағаттардың, ғылыми мекемелердің ақпараттық деректер базаларын пайдалануға;

шарттар, келісімдер жасасуға;

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік орган қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес көзделген құқықтарға ие болады.

3. Ауыл әкімінің мәртебесі, өкілеттіктері

15. Әкім аппаратының басшылығын әкім аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуына және олармен өзінің өкілеттерінің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікте болатын ауылдық округ әкімі басқарады.

16. Ауыл әкімінің өкілеттігі:

1) лауазымды тұлға болып табылады және мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарда әкім аппараты мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз сөйлейді;

2) азаматтардың ұндеулерін, өтініштерін, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау шараларын қабылдайды;

3) әкім аппаратының жұмысын ұйымдастырады, оның қызметін басшылықты жүзеге асырады;

4) жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында қабылданған шешімдерді қарайды, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджеттің қаражатын үнемдеу және (немесе) түсімдер есебінен еңбек келісім шарты қызметкерлерді қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекемелердің тауарларды (тауарлар, қызметтер) сатынан олардың иелігінде қалған ақшаның түсімдері мен шығыстардың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді;

7) Әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді.

Ауыл әкімінің өкілеттігін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оның болмаған кезеңінде оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Ауыл әкімі аппаратының мүлкі

17. Әкім аппаратының заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Әкім аппаратының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

18. Әкім аппаратына бекітілген мүлік ауылдық округтің коммуналдық меншігіне жатады.

19. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, әкім аппараты жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті иеліктен шығаруы немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуі мүмкін.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

20. Ауыл әкімінің аппаратын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Ұйымдардың қарамағындағ тізбесі:

1) "Мойылды ауылы әкімі аппаратының Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

2) "Мойылды ауылдының деңе шынықтыру-сауықтыру кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.